

Маңғыстау облысының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыштарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 31 шілдедегі № 171 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 тамызда № 3979 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 94 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 34 "Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10335 болып тіркелген) сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыштарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер белгіленсін.

2. "Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Д.Т. Құсбеков) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Р.К. Сәкеевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

С.Трумов

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2019 жылғы 31 шілдедегі
№ 171 қаулысына қосымша

Маңғыстау облысының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыштарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 25.02.2025 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

№	Көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер	Елді мекен
Ақтау қаласы		

1.	"Фламинго" жағажайы	Ақтау қаласы
2.	"Балдаурен" жағажайы	Ақтау қаласы
3.	"Алау" жағажайы	Ақтау қаласы
4.	"Достар" жағажайы	Ақтау қаласы
5.	"GUNA" жағажайы	Ақтау қаласы
6.	"Серебряные пески" жағажайы	Ақтау қаласы
7.	"Stigl" жағажайы	Ақтау қаласы
8.	"Комарова" жағажайы	Ақтау қаласы
9.	"Монтажник" жағажайы	Ақтау қаласы
10.	"Blue Marine" жағажайы	Ақтау қаласы
11.	"Морячек" жағажайы	Ақтау қаласы
12.	"Золотое солнышко" жағажайы	Ақтау қаласы
13.	"Сансет" жағажайы	Ақтау қаласы
14.	"Tree of life" жағажайы	Ақтау қаласы
15.	"Самал" жағажайы	Ақтау қаласы
16.	"Бриз" жағажайы	Ақтау қаласы
17.	"Rixos Water World Aktau" қонақ үйінің жағажайы	Ақтау қаласы
18.	"Aquamarine" жағажайы	Ақтау қаласы
19.	"Tolkyn Plaza" жағажайы	Ақтау қаласы
20.	"Нұр" жағажайы	Ақтау қаласы
21.	"Ystyq qum" жағажайы	Ақтау қаласы
22.	"Солдатский" жағажайы	Ақтау қаласы
23.	4а шағын аудандағы "Бриз" яхта клубының оң жағындағы жағажай	Ақтау қаласы
24.	1 шағын аудандағы "Бриз" яхта клубының сол жағындағы жағажай	Ақтау қаласы
25.	7 а шағын аудандағы "Шевченко" тұрғын үй кешені алдынан 10 метр жердегі жағажай	Ақтау қаласы

Жаңаөзен қаласы

26.	"Кендірлі" жағажайы	Кендірлі ауылы
27.	"Самал" жағажайы	Кендірлі ауылы

Тұпқараған ауданы

28.	4-5 кварталдардағы жағажай	Ақшұқыр ауылы
29.	А. Жақауов көшесінің аумағындағы жағажай	Сайын Шапағатов ауылдық округі
30.	Д. Бердібеков көшесінің аумағындағы жағажай	Қызылөзен ауылы
31.	"Аккү" қонақ үйінен 150 метр жердегі жағажай	Форт-Шевченко қаласы
32.	"Шагала" қонақ үйінің жанындағы жағажай	Баутино ауылы

33.	"САГА АТАШ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сол жағынан 2 метр жердегі жағажай	Баутино ауылы
34.	"Caspy life Family resort" жағажайы	Сайын Шапағатов ауылдық округі
35.	"Teniz Villege" жағажайы	Сайын Шапағатов ауылдық округі
36.	"K27" жағажайы	Сайын Шапағатов ауылдық округі
37.	"Gozzalim" жағажайы	Ақшұқыр ауылы
Қаракия ауданы		
38.	"Ерсай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сол жағынан 100 метр жердегі жағажай	Құрық ауылы
39.	"Казақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағы (Ақтау қаласы)" республикалық мемлекеттік мекемесінің аумағының сол жағынан 70 метр жердегі жағажай	Құрық ауылы
40.	"Теміртас" жағажайы	Құрық ауылы
41.	"Шагала" жағажайы	Құрық ауылы
42.	"Ритм-Нұр" жағажайы	Құрық ауылы
43.	"Геофизик" жағажайы	Құрық ауылы
44.	"Казгидромет" жағажайы	Құрық ауылы
45.	"УЭН" жағажайы	Құрық ауылы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК